

"Өнерге әр кімнің бар таласы"

Біздің мектебіміздің, колледжіміздің түлегі, қазіргі таңда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс студенті, профессор, халық әртісі Ғалия Молдакаримованың шәкірті, сыпайы, биязы, сүйкімді қыз Әлия Тұрсымбекованың колледждің мерейлі 60-жылдығына тартуы етіп жеке концерт берді. "Өнерге әр кімнің бар таласы" демекші, қаршадай қыздың ұлы музыканы, қазақ өнерін жан-тәнімен түсініп орындауын музыка колледжінің залына жиналған көрермен куә болды. Әлия қазақ және шетел шығармаларын нақышына келтіріп орындады. Концерт көрермен көңілінен шықты. Керемет концерттің соңы Әлияның мектеп қабарғасында ұстазы болған Айнұр Бақытқызы Канаеваға аянбай берген еңбегі үшін ризашылығын білдірумен аяқтады.

Әлияға алдағы уақытта бағындырар белесің, асар асуың көп болсын деп тілейміз!

